



BUIRYQ

30.06.2021 ж. № 64-НҚ

Nur-Sultan қаласы

ПРИКАЗ

город Нур-Султан

**«Транспортный холдинг Казахстана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне
уақытша өтемдік тарифтерін бекіту туралы**

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 – бабының 15 – тармақшасына, 33 – бабының 1 – тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 3-тарауына сәйкес, және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасы міндетін атқарушысының 2019 жылғы 15 тамыздағы №1-НҚ бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереженің 14 – тармағының 13) тармақшасын, 19-тармағының 1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, тұтынушыларға 12 107 997,34 теңге мөлшерінде осы шешім қабылданған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру ставкасын ескере отырып, әкелген шығынды өтеу мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Транспортный холдинг Казахстана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - «Транспортный холдинг Казахстана» ЖШС) қолданылу мерзімі 2 жыл, 2021 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізіле отырып көрсетілетін бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру қызметіне уақытша өтемдік тарифтері осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Транспортный холдинг Казахстана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің реттеліп көрсетілетін бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру қызметіне тарифтерді және тарифтік сметаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің табиғи монополияларды реттеу комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінің 2021 жылғы 25 ақпандағы 21-НҚ бұйрығының әрекет етуі осы бұйрықтың әрекет ету мерзіміне дейін тоқтатылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінің

КОМИТЕТИНІŇ НҰР-СУЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТИ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
КОШІРМЕ ДҰРЫС
20 21 ж. « 30 » маусым

Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі (Е. Сагиддинов) осы бұйрықты «Транспортный холдинг Казахстана» ЖШС-нің назарына жеткізсін.

4. «Транспортный холдинг Казахстана» ЖШС уақытша өтемдік тарифтерін бекіту туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына оны қолданысқа енгізгенге дейін, кемінде күнтізбелік 10 күн бұрын жеткізсін.

Уақытша өтемдік тарифтің қолданылуы кезеңінде ай сайын коммуналдық көрсетілетін қызметтерді төлеу туралы төлем құжатындағы реттеліп көрсетілетін қызметтердің құнына ескертпе түрінде берілген тарифтерін төмендету туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына жеткізеді.

Реттеліп көрсетілетін қызметтің құнына берілген ескертпеде уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында жарияланған, уақытша өтемдік тарифтерін бекіту туралы уәкілетті орган ведомствосының шешіміне сілтеме жасалып, тұтынушылардың қаражатын қайтару сомасын көрсетумен бағаны төмендету туралы ақпарат көрсетіледі.


5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы



Б. Танабергенов



Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Табиғи монополияларды реттеу комитетінің
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінің
2021 жылғы 30 маусымдағы № 64 -НҚ бұйрығына
№ 1 қосымша

**«Транспортный холдинг Казахстана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
реттеліп көрсетілетін бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда тасымалдау
процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы
құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру қызметіне уақытша өтемдік
тарифтер**

№	Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Уақытша өтемдік тарифтер, тенге ҚҚС-сыз	Қолдану мерзімі
1	бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру	Тенге вагон/сағат	0,63	1.08.2021 ж.- 31.03.2022 ж
		Тенге вагон/сағат	1,60	1.04.2022 ж.- 31.03.2023 ж
		Тенге вагон/сағат	2,55	1.04.2023 ж.- 31.07.2023 ж

